

**С. Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектеп
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің педагог-психолог қызметінің
психодиагностика бағыты бойынша есебі**

1. Психодиагностикалық бағытының жұмыстары:

**1.1.1-сыныпқа қабылданған оқушылар педагогикалық-психологиялық зерттеулер
Жұмысы:**

Мақсаты: 1-сынып оқушыларының мектепке даярлығын анықтау.

С.М.Жақыпова мен Ф.Бизақованың психодиагностикалық әдістемелері қолданылды:

1. Ер-адамның суретін салу;
2. Көру диктанты;
3. Сөздік қорын анықтау;
4. Өрнек әдістемесі (барлық әдістемелер жеңілдетіліп алынды)

Жылдар	Оқушы саны	ПМПК ұсыныс	Педагогикалық-психологиялық дайындық көрсеткіш нәтижелері			
			төмен	орта	жақсы	өте жақсы
2019-2020	401	3	23	161	154	63
2020-2021	359	3	15	124	169	51
2021-2022	357	7	33	167	115	42

Ұсыныстар: жалпы жүргізілген диагностика барысында келесі жайттар зерттеліп жұмыстар жүргізілді: педагогикалық-психологиялық таным процестерінде тежелу байқалған, оқушылардың ата-аналары мен сынып жетекшілеріне ұсыныстар жасалған. Сонымен қатар қажеттілігіне қарай арнайы мамандарға бағыттталып, ПМПК жолдамасы негізінде кіріктірілген білім алып жатқан оқушыларымыз бар. Қазіргі уақытта түзету дамыту жұмыстары ұйымдастырылған.

1.2. 2019-2020 оқу жылы. Жеткіншектердің (8-11 сыныптарға) темперамент типін анықтау нәтижелері:

Қолданылған әдістеме: Темпераменттік типті анықтауға арналған тест.
(авторы Ф.Бизахова «психологиялық тест» жинағы Тараз 2012ж)

Мақсаты: жеткіншектердің темперамент ерекшеліктерін зерттеу.

Өңдеу: қандай типі басым болса, сол оқушы сол темпераментке жатады.

30-39 ұпай айқын анық көрініп тұр. 20-29 байқалады, есептеуге болады. 20 –әлсіз берілген.


10 ұпай есептелмейді. (қосымша сынып жетекшісінің мәліметтері пайдаланылды)

8-сыныптар бойынша өңдеу нәтижесі:

Сынып	жалпы саны	қатыс-қаны	Темперамент тип көрсеткіштері					
			<i>A1-холерик; A2-сангвиник; A3-флегматик; A4-меланхолик</i>					
			A1	A2	A3	A4	аралас тип	анық емес
8-сынып	303	301	18	41	134	24	59	25
9-сынып	294	292	20	49	144	19	35	24
10-сынып	182	182	15	31	86	15	19	16
11-сынып	163	159	10	23	92	7	26	1
Барлығы:	942	934	63	144	456	66	139	66


Ұсыныстар: оқушылардың темперамент типтері сынып жетекшісіне таныстырылды, Сонымен қатар меланхолик типі нақты анықталған оқушыларға ерекше көңіл бөлінеді. оқушыда темпераменттің бір түрі айқын болмауы мүмкін. Темперамент өзгермелі (жас ерекшелігіне сай), ауыспалы, бірнешеуі аралас түрде келуі мүмкін екендігі түсіндірілді.

Жалпы сыныптар бойынша темперамент типінің мониторинг көрсеткіші:



1.3. 2019-2020 оқу жылы. 5-6-7 сынып оқушыларымен социометрия әдісін пайдалана отырып, сыныптағы лидерді, аутсайдерді және қарым-қатынас деңгейін анықтау. Жасырын сауалнама бойынша оқушыға берілген 4-сұрақтың көрсеткіш нәтижесі.

сынып	қатысқаны	Лидер	тапсырманы кіммен бірге орындаған ұнайды	сыныптағы сыр бөлісетін оқушы саны	сыныпта болғанын қаламайды	аутсайдер саны
5 сынып	301	9	237	158	12	5
6 сынып	339	12	181	192	18	7
7 сынып	318	31	164	201	11	3
Бар/ғы	958	52	582	551	41	15




7-11 сынып оқушылары арасында жүргізілген «өзіндік бағалауды жалпы зерттеу» әдістемесінің қорытынды нәтижесі.

Орындалу ережесі: сұрақнама 20 сауалдан тұрады. Берілген сұрақнаманы мұқият оқып, өздеріне жақын 3 нұсқаның «Иә+»; «Жоқ-»; «Білмеймін» бір жауабын таңдайды. Орындалу ережесі толығымен түсіндірілді. (Әдістеме авторы: Ф.Бизақова)

Өзіндік бағалау деңгейінің көрсеткіші кесте бойынша:


сынып 7-11	қатысқан оқушы саны	%	Өзіндік бағалау деңгейінің жалпы көрсеткіші							
			жоғары	%	орташа	%	қалыпты	%	төмен	%
	1350	97,2	171	12,6	417	30,8	741	54,8	21	1,5



1.4. 13-30.01.2020ж. 2-3-4-сыныптармен О.Иллей әдістемесі бойынша мектепке, мұғалімдерге, пәндерге қатынасын зерттеу картасы. (А.Ш.Орақова. Педагогикалық консилиум. Алматы 2012ж)

Жалпы 2-3-4 сыныптар бойынша:

Сынып	Жалпы саны	Қатысқаны	Қазақ тілі	Әдебиет	Орыс тілі	Математика	Ағылшын	Дүниетану	Бейнелеу	Өзін-өзі тану	Дене-тәрбиесі	Музыка	Еңбек
2-сынып	390	376	34	33	30	62	37	21	47	25	47	24	17
3-сынып	380	369	16	13	17	114	54	21	47	23	43	15	6
4-сынып	322	307	18	16	18	109	37	10	23	17	38	8	6
Барлығы	1092	1052	68	62	65	285	128	52	117	71	107	77	31




Қорытынды: Оқушыларға 11 пән бойынша сауалнама ұйымдастырылды. Жалпы оқушылардың жауаптары бойынша математика, ағылшын тілі, қазақ тілі дене тәрбиесі, бейнелеу пәндеріне қызығушылықтары басым екендігі байқалады. Жұмыс нәтижесі сынып жетекшілеріне таныстырылып, қосымша пән мұғалімдеріне ұсыныстар берілді. Жұмыс нәтижесі тіркелді.

1.5. 2020-2021 оқу жылы. Аутоагрессияның алдын алу мақсатында 9-11 сынып оқушыларына жүргізілген Э.Бек депрессия шкаласын анықтау тестінің қорытынды мәліметі.

9 –11 сыныптар бойынша зерделеу нәтижесі:

Сыныбы	жалпы саны	қатысқаны	Депрессия шкала көрсеткіштері			
			0-9 төмен/д	10-18 жеңіл/д	19-29 орташа/д	30-60 жоғары/д
<i>9-сынып</i>	292	284	166	74	34	10
<i>11-сынып</i>	178	178	139	28	9	2
<i>жалпы саны</i>	470	462	305	102	43	12



Жалпы қорытынды нәтижесі мен ұсыныстар: оқушылармен жүргізілген тест нәтижелері сынып жетекшілеріне таныстырылып, қосымша депрессия деңгей көрсеткіштері анықталған оқушылар туралы мәліметтер алынды. Оқушы жауабын нақтылау, себептерін анықтау және эмоционалдық мінез-құлқын тұрақтандыру, түзету жұмысын жүйелеу мақсатында оқушылар жеке сұхбатқа шақырылды. Қажеттілігіне қарай ата-анасына ескертіледі, түзету және психологиялық қолдау жұмыстары жүргізілді.

1.6.2021-2022 оқу жылы. 8-9-10-11 сынып оқушыларының «аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу» мақсатында жүргізілетін психодиагностика жұмысының хаттамасы

1. 8-сыныптар бойынша:

Әдістеме: Э.Бек әдістемесі. 20 сұрақнама, 4 жауап варианты бар (а,б,в,г)

Мақсаты: депрессия шкаласы бойынша, депрессия деңгейін анықтау анықтау тестінің қорытынды нәтижесі.


Өткізілген мерзімі: 13.09-01.10.2021ж.

Жалпы оқушы саны: 313

Қатысқан оқушы саны: 309

Сыныбы	Жалпы саны	Қатысқаны	Депрессия шкала көрсеткіштері			
			0-9 төмен	10-18 ж/д	19-29 о/д	30-60 ж/д
8 «А»	24	24	16	6	2	0
8 «Ә»	22	22	8	9	3	2
8 «Б»	24	23	10	8	3	1
8 «В»	24	24	12	9	3	0
8 «Г»	24	24	17	5	2	0

8 «Ф»	23	23	13	6	3	0
8 «Д»	24	24	8	9	5	1
8 «Е»	25	25	7	10	7	3
8 «Ж»	24	24	8	12	4	0
8 «З»	24	24	17	7	1	0
8 «И»	26	25	15	7	3	0
8 «Қ»	24	23	8	11	5	0
8 «К»	25	25	12	8	4	1
барлығы	313	309	151	107	45	8



Ұсыныстар: жұмыс нәтижесі бойынша депрессия деңгейі жоғары оқушылардың себептерін анықтау және нақтылау мақсатында 7 оқушы сұхбатқа шақырылды. Сынып жетекшілеріне таныстырылды. Ата-анасына ескертіп, ұсыныстар жасалды. Қосымша жеке түзету жұмысы жүргізіледі. Қажеттілігіне қарай мамандарға 2 оқушы бағытталды.

2. 9-сыныптар бойынша:

СБА әдістемесі. Мақсаты: «Аутоагрессияға бағыттылықты анықтау»

Мақсаты: бұл әдістеме 13-18 жасар жасөспірімдердің суицидтік қауіпті ұстанымдарын анықтаудағы бағдарланған әдістеме ретінде құрылған. Әдістеме депресиялық, невротикалық жағдайды және қарым-қатынас деңгейін анықтауға арналған. Жалпы шкала саны-4, негіздеме саны-74.

Өткізілген мерзімі: 20.09-07.10.2021ж.

Жалпы оқушы саны: 346

Қатысқан оқушы саны: 342

сынып	жалпы саны	қатысқаны	Шкала көрсеткіштері											
			«Ш»			«Д»			«Н»			«К/К»		
			төмен	орта	жоғары	төмен	орта	жоғары	төмен	орта	жоғары	төмен	орта	жоғары
9 «А»	26	26	11	12	2	12	8	2	12	8	1	1	24	1
9 «Ә»	29	27	7	16	3	20	4	0	14	12	0	1	22	3
9 «Б»	26	26	3	19	3	18	7	1	13	9	3	0	24	2
9 «В»	29	28	7	16	3	16	13	1	14	14	0	1	26	1
9 «Г»	25	25	7	13	4	13	9	3	9	14	1	1	16	3
9 «Ғ»	27	26	7	19	0	14	14	0	12	12	2	1	23	2

9 «Д»	26	26	8	15	2	16	7	2	13	11	1	0	25	0
9 «Е»	26	25	9	15	2	15	8	2	17	7	1	5	19	1
9 «Ж»	25	25	10	12	3	14	9	1	18	6	1	1	24	0
9 «З»	26	25	7	14	5	11	14	1	11	12	2	0	26	0
9 «И»	25	24	7	13	4	14	10	0	13	11	0	3	19	2
9 «Қ»	28	28	4	17	7	11	14	2	7	17	2	4	21	1
9 «К»	28	28	9	16	3	8	18	2	10	18	1	5	20	3
Бар:	346	342	96	197	41	182	135	17	163	151	15	23	289	19

9-сыныптар бойынша мониторинг көрсеткіші:



Ұсыныстар: Психодиагностика нәтижесі бойынша аутоагрессияға бейім оқушылардың себептерін анықтау және нақтылау мақсатында 25 оқушы сұхбатқа шақырылды. Сынып жетекшілеріне таныстырылды. Ата-анасына ескертіп, ұсыныстар жасалды. Қосымша жеке түзету жұмысы мен топтық жұмыс жоспарланды. Қажеттілігіне қарай мамандарға 1 оқушы бағытталды.

3. 10-сыныптар бойынша:

Әдістеме: «Болжам-2» сауалнамасы. (В.Ю. Рыбникова ойыныша 86 сұрақтанмасы)


Мақсаты: Оқушылардың жүйке-жүйесінің психологиялық тұрақтылық деңгейінің (ЖЖПТ көрсеткіш нәтижесі):

Өткізілген мерзімі: 29.09-05.10.2021ж.

Жалпы оқушы саны: 230

Қатысқан оқушы саны: 228

сынып	жалпы саны	қатысқаны	ЖЖПТ деңгейі				
			Ш/Ш	төмен	орта	жақсы	жоғары
10 «А»	27	27	19	7	11	5	4
10 «Ә»	26	26	18	7	10	6	3
10 «Б»	27	27	20	3	10	5	9
10 «В»	24	23	8	5	9	5	4
10 «Г»	26	25	14	6	11	5	3
10 «Ғ»	23	23	19	5	12	2	4
10 «Д»	26	25	14	4	7	12	2
10 «Е»	26	26	15	4	13	6	3
10 «Ж»	25	25	13	3	9	6	7
Бар:	230	228	140	44	92	53	39



Ұсыныстар: Психодиагностика нәтижесі бойынша ЖЖПТ деңгейі төмен оқушыларды нақтылау және анықтау мақсатында 28 оқушы сұхбатқа шақырылды. Сынып жетекшілеріне таныстырылды. Көңіл –күйлеріне байланысты күнделікті бақылау жасауға, ұсыныстар. Ата-анасымен жұмыс және қажеттілігіне қарай мамандарға 2 оқушының ата-анасына ұсыныс берілді. Жеке және топтық түзету жұмыстары жоспарланды.

4. 11-сыныптар бойынша:

Әдістеме: «Болжам-2» сауалнамасы. (В.Ю. Рыбникова ойынына 86 сұрақтанмасы)


Мақсаты: Оқушылардың жүйке-жүйесінің психологиялық тұрақтылық деңгейінің (ЖЖПТ көрсеткіш нәтижесі):

Өткізілген мерзімі: 22.09-12.10.2021ж.

Жалпы оқушы саны: 227

Қатысқан оқушы саны: 225

сынып	жалпы саны	қатысқаны	ЖЖПТ деңгейі				
			Ш/Ш	төмен	орта	жақсы	жоғары
11 «А»	25	25	10	5	9	8	3
11 «Ә»	25	25	14	3	12	6	4
11 «Б»	26	26	14	4	10	7	4
11 «В»	24	22	11	4	10	6	2
11 «Г»	25	25	14	4	11	6	4
11 «Ғ»	24	24	16	2	10	7	5
11 «Д»	28	28	18	5	10	4	9
11 «Е»	25	25	17	4	11	7	3
11 «Ж»	25	25	11	3	9	5	8
Бар:	227	225	125	34	92	57	42



Ұсыныстар: Психодиагностика нәтижесі бойынша ҰБТ-ке психологиялық дайындықты ескере отырып, ЖЖПТ деңгейі төмен оқушыларды нақтылау және анықтау мақсатында 35 оқушы сұхбатқа шақырылды. Сынып жетекшілеріне таныстырылды. Көңіл –күйлеріне байланысты күнделікті бақылау жасауға, ұсыныстар. Ата-анасымен жұмыс және қажеттілігіне қарай мамандарға 3 оқушының ата-анасына ұсыныс берілді. Жеке және топтық түзету жұмыстары жоспарланды. Барлық жүргізілген жұмыстар нәтижесі тіркелген. Алдағы уақытта түзету жұмыстары ұйымдастырылады.

Мектептің моралдық-психологиялық ахуалын зерделеу мақсатында педагогтерге жүргізілген жасырын сауалнамасының қорытынды нәтижесі.

Жүргізілген мерзімі: 20-21.09.2021ж.

Жалпы саны: 321.

Қатысушылар саны: 302.

№	Сұрақтар мазмұны	Жауаптар көрсеткіші					
		Иә	%	кейде	%	жоқ	%
1	Басшы тарапынан басқарудың демократияшыл стилі байқалады ма?	283	93,7 %	12	3,7	7	2,3
2	Басшы тарапынан басқарушылық әміршілдік стилі байқалады ма?	0	0	3	0,9	299	99,0
3	Әкімшілік шешім қабылдауда ұжымның пікірін ескереді ме ?	295	97,6	5	1,6	3	0,9
4	Сіздер жұмыс жасау үшін ыңғайлы жағдайлар жасалған ба ?	298	98,6	2	0,6	2	0,6
5	Сіз мектепке немесе жұмысқа деген өз көзқарасыңызды еркін білдіре аласыз ба?	263	87,0	37	12,2	3	0,9
6	Ұжымда шиеленіскен моралдық-психологиялық қайшылықтар бар ма ?	0	0	2	0,6	300	99,3%
7	Әкімшілік мұғалімдер арасындағы туындаған келіспеушіліктер барысында дұрыс шешім қабылдай алады ма?	283	93,7	19	6,2	2	0,6
Бағалау шкаласы		жақсы	%	орта	%	төмен	%
8	Мектептің оқу және тәрбие процесін жүзеге асыру жұмысын ұйымдастыруды қалай бағалайсыз ?	261	86,4	39	12,9	2	0,6
9	Әріптестер арасында өзара әріптестік пен өзара көмек деңгейін қалай бағалайсыз ?	245	81,1	51	16,8	69	1,9
10	Мектептің моралдық-психологиялық ахуалын қалай бағалар едіңіз ?	262	86,7	37	12,2	3	0,9

Қорытынды: Сұрақтар мазмұны мектеп басшысымен келісе отырып ұйымдастырылды. 10 сауалнама жауап варианттарымен берілді, жүргізілген сауалнама жасырын түрде өз еркілерімен алынды. (аты-жөні жазылмайды)

Сауалнаманы тексеру қорытындысы бойынша: жалпы қатысушы педагогтердің басым көпшілігінің жауаптары барлық берілген сауалнама жауаптары оң пікірде. Жауаптар мазмұны бойынша басқарудың демократиялық стилі басым екендігі, әкімшілік шешім қабылдауда ұжымның пікірін ескеретіндігі, ұжымның әрбір мүшесі өз көзқарасын еркін білдіре алатындығы, өзара әріптестік пен өзара көмек деңгейінің қалыптасқандығын,

педагогтерге жұмыс жасау үшін жағдайлар қарастырылғаны, сонымен қатар мектептің оқу тәрбие жұмысын жақсы бағалайтындықтары педагогтарға жүргізілген сауалнама нәтижелері барысында дәлелденді. мектептің психологиялық ахуалын қатысушылардың 76,8% жақсы жауапты жазды. Сауалнама нәтижесі мектеп ікімшілігіне таныстырылды.

Шақыру учаскісіне тіркеуге тиісті 2005 жылы туылған оқушыларға жүргізілген психодиагностика жұмысының анықтамасы

Жүргізілген мерзімі: желтоқсан, қаңтар айлары.

Хаттама толтырылған күн: 01.02.2022ж.

Қатысқан оқушылар саны: 100

Жүргізілген әдістемелер:

1. Басса Даркий әдістемесі 40 сауалнама 8-шкала бойынша талданады.

Мақсаты: Оқушылардың негативті мінез-құлық ерекшеліктерін анықтау.

Талдау нәтижесі бойынша әр оқушының бойындағы анықталған агрессивті көрсеткіш белгілері мына төмендегідей: 73 оқушыда эмоциялық деңгейі тұрақты.

1. Физикалық агрессия - 4 оқушы (4-балдық шкала);
2. Жанама агрессия -2 оқушы (4-балдық шкала);
3. Тітіркенушілік-4 оқушы (4-балдық шкала);
4. Негативизм-7 оқушы (4-балдық шкала);
5. Өкпелегіштік-10 оқушы (4 балдық шкала);
6. Күдіктенушілік -5 оқушы (4-балдық шкала);
7. Вербальды агрессия-13 оқушы (12 оқушы 4-балдық шкала); 1 оқушы (5 балл);
8. Кінәні сезіну шкаласы- 41 оқушы (41 оқушы 4-балдық шкала); 9 оқушы (5 балл);

2. Шмишек тесті 88-сауалнамадан тұрады.10-шкала бойынша талданады.

Мақсаты: акцентуация типтерін анықтау.

10 шкала бойынша акцентуация көрсеткіші қалыпты: 50 оқушы.

Акцентуацияланған (басым 19-24 балл аралығы) 14 оқушы

Шкала түрлері	18-24 балл	Шакала түрлері	18-24 балл
Деманстративті	14	Дистимикалық	0
Кідіргіш	5	Мазасыз	0
Педантты	2	Экзальтация	32
Қоздырғыш	7	Эмотивті	11
Гипертимді	17	Циклотимді	4

3. Шульте кестесі: мақсаты зейін көлемін анықтау.

Өткізілген зерттеу нәтижелері бойынша 1 оқушыда төмен; 20 оқушыда зейіні орташа; 72 оқушыда жақсы; 7 оқушыда жоғары.

4.Сандар қатарын жаттау. Мақсаты: есте сақтау қабілеттерін анықтау.

Жүргізілген жұмыстың нәтижесі бойынша 6 оқушы есте сақтау жоғары,

56 оқушыда жақсы; 37 оқушыда орташа; 1 оқушы өте төмен.

Қорытынды: Оқушылардан алынған тест жұмысының нәтижелері бойынша, жеке сұхбат жұмыстары мен тиімді кеңестер және ұсыныстар жасалынды. Барлық оқушыларға жүргізілген зерделеу жұмыстарының нәтижелері бойынша оқушы мінездемесінің хаттамасы толтырылды.

С. Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесінің педагог-психолог қызметінің консультациялық (кеңес беру) бағыты бойынша есебі

2.Консультация. (мұғалім, ата-ана, оқушы)

Міндеттері:

- ✓ Білім алушыларға, ата-аналар мен педагогтерге олардың сұранысы бойынша консультация беру;
- ✓ Білім алушыларға, ата – аналар мен педагогтерге жеке тұлғалық, кәсіптік өзін – өзі айқындау проблемалары және қоршаған ортамен өзара қарым – қатынастар, сонымен қатар жасөспірімдер арасындағы түрлі туындаған мәселелерге байланысты жеке және топпен консультация жүргізу;
- ✓ Күйзелістік, жанжалдық, қатты эмоционалды күйзелістік жағдайда болып табылатын білім алушыларға психологиялық қолдау көрсету;
- ✓ Тұлғааралық және топаралық жанжалдарды шешуде тиімді жолдарды қарастыру.

Мақсаты: оқушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау және білім беру үдерісіне қатысудағы кедергілерді жою, психологиялық қолдау көрсету.

Жылдар	Оқушыға кеңес беру	Ата-анаға кеңес беру	Мұғалімге кеңес беру
2019-2020	341	412	181
2020-2021	210	182	73
2021-2022	203	152	81







Кеңес беру жұмысының кесте бойынша бағыттары және мазмұны:

Туындаған мәселелер мен ұсыныстар		
Оқушыға кеңес беру	Ата-анаға кеңес беру	Мұғалімге кеңес беру
1. Құрдастары арасындағы келіспеушіліктер және қиыншылықтар; 2. Буллинг және кибербуллинг; 3. Аутодеструктивті мінез-құлық; 4. Отбасы жағдайы; 5. Жауапсыз махаббат; 6. Өгей әке және өгей анасы арасындағы мәселелер; 7. Бала мен ата-анасы арасындағы туындаған мәселелер; 8.Өзін-өзі бағалауы және	1.Өтпелі кезеңнің мінез-құлық ерекшеліктері 2. Отбасындағы психологиялық ахуал; 3. Баламен кеңесу, тыңдау, психологиялық қолдау көрсету; 4.1 сыныпқа және орта буынға бейімделу мәселелері; 5. Аутодеструктивті мінез-құлық; 6. Жүргізілген жұмыс нәтижесі бойынша ұсыныстар;	1.Мұғалімнің әдептілігі; 2. Оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынасты жақсарту; 3. Инклюзивті және үйде оқытылатын оқушылармен қарым-қатынас және психологиялық ерекшеліктер; 3. Аутодеструктивті оқушыны танып білу; 4.Ата-аналармен дұрыс қарым-қатынаста болу; 5.Жасөспірімдер арасында

<p>социометриялық статусы;</p> <p>9. Психологиялық-физиологиялық даму ерекшеліктері;</p> <p>10. Ерте жүктіліктің алдын алу;</p> <p>11. ҰБТ психологиялық дайындық;</p> <p>12. Проферентация;</p> <p>13. Сабақ барысындағы қиыншылықтар мен кедергілер;</p> <p>14. Мұғалім мен оқушы арасындағы келіспеушілік.</p> <p>15. Сенім телефоны және сенім жәшігіне байланысты берілетін ұсыныстар</p>	<p>7. Ата-ана мен бала арасындағы қарым қарым-қатынас;</p> <p>8. Қыз бала және ер бала тәрбиесі;</p> <p>9. Үйде оқытылатын және инклюзивті білім алатын оқушылардың ата-аналарына қолдау және ұсыныстар;</p> <p>10. Тұл жетім оқушылардың асыраушыларына ұсыныстар;</p> <p>11. Ата-ана мен мұғалім арасындағы қарым-қанынас</p> <p>12. Кибербуллинг және кибермәдениет туралы кеңесу;</p> <p>13. Сенім телефонымен берілетін ұсыныстар</p>	<p>буллинг және кибербуллингтің алдын алу;</p> <p>6. Жас мамандарға ұсыныстар;</p> <p>7. Өтпелі жастағы жасөспірімнің психологиялық мінез-құлық ерекшеліктері;</p> <p>8. 1-сыныпқа және 5-сынып орта буынға бейімделу кезіндегі жас және жеке психологиялық ерекшеліктерге байланысты қиындықтар.</p>
--	--	---

Ескерпе: Консультациялық бағыты бойынша: топтық жұмыстар мен ағарту жұмыстары орындалады. Барлық тіркеу журналдары арналып бекітілген. Жалпы мектептегі психолог қызметінің көп уақыты жеке сұхбат және жеке және топтық кеңес беру, топ жұмысы алады. Ата-анамен, оқушымен, мұғаліммен жеке кеңесу арқылы туындаған мәселені ашып, алдағы уақытта қалай жұмыс жасауға іс-әрекет жоспарланып, бағыт-бағдар беруға ұсыныстар жасалады.



**С. Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектеп
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің педагог-психолог қызметінің
ағартушылық-профилактикалық бағыты бойынша есебі**

3. Ағартушылық-профилактикалық бағыты бойынша атқарылған жұмыстар:

3.1. Ата-аналармен атқарылған жұмыстар:

20.08.2020ж. күні онлайн платформасы арқылы «Жаңа оқу жылында балаларды оқыту туралы» жалпы Республикалық ата-аналар жиналысында «Ата-ана мен баланың қарым-қатынас психологиясы» тақырыбында баяндама слайд арқылы онлайн түрінде жүргізілді;

11.09.2020ж. күні онлайн платформасында «Сенім телефоны» шұғыл қызмет көрсету, жәрдем беру жолдарын табады тақырыбында жиналыс өткізілді.

17.09.2020ж. күні онлайн платформасы арқылы «Қашықтықтан оқыту кезінде балаға қалай көмектесуге болады» тақырыбында жалпы республикалық ата-аналар жиналысында баяндама, ағарту, ақпараттандыру жұмысы баяндалды;

22.09. 2020ж. күні онлайн платформасы арқылы «Бірінші сынып оқушыларын бейімдеу» тақырыбында бірінші сынып оқушыларының ата-аналарымен онлайн платформасы арқылы жиналыс өткізіліп, психологиялық қолдау көрсетілді;

30.09-01.10.2020ж күндері ата-аналармен «Кибербуллингтің алдын алу» тақырыбында жиналыста баяндама мен ақпараттандыру алдын алу жұмыстары жүргізілді;

09.10.2020ж. күні онлайн платформасы арқылы «Балалардың ғаламтор желісіндегі қауіпсіз мінез-құлқы» тақырыбында психологиялық сабағы ұйымдастырылды;

15.10.2020ж. күні онлайн платформасы арқылы «5-сынып оқушыларының бейімделу ерекшеліктері» ата-аналармен психологиялық сабақ ұйымдастырылды;

16.10.2020ж. күні онлайн платформасы арқылы бітіруші сыныптардың ата-аналарымен «Тестке дайындық кезінде сіздің қолдауыңыз не үшін керек?» тақырыбында сұхбат жүргізілді;

14.11.2020ж. күні онлайн платформасы арқылы «Балалар мен жасөспірімдер денсаулығы» тақырыбында профилактикалық сабақ ұйымдастырылды;

19.11.2020ж. күні онлайн платформасы арқылы «Жалпы азаматтық құндылықтар-отбасы тәрбиесінің негізі» тақырыбында ата-аналар жиналысында «Тәрбиенің ең тамаша мектебі-Отбасы тақырыбында» баяндама және тренинг жаттығулары жасалды;

04.12.2020ж.онлайн платформасы арқылы «Ұлттық бірыңғай тестке баратын оқушылардың мінез-құлық өзгерістері, психологиялық қолдау көрсету» тақырыбында бітіруші сыныптардың ата-аналарына баяндау жұмысы мен психологиялық қолдау жұмыстары жүргізілді;

Сынып жетекшілерімен байланыс жасау арқылы айына 1 рет келеңсіз жағдайлардың алдын алу және балаларының психикалық тұрақтылығын алдын алу мақсатында ұсыныс хаттар WhatsApp режимде чаттарға тасталып сұхбаттар берілді;

27.01.2021ж. күні онлайн платформасы арқылы жалпы ата-аналар жиналысында «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу жұмыстары» тақырыбында баяндама мен ақпараттық жұмыстар жүргізілді;

29.01.2021ж. күні «Отбасындағы рухани адамгершілік тәрбиесінің маңыздылығы» тақырыбында ата-аналармен онлайн вебинар жиналысы;

05.02.2021ж. күні онлайн платформасы ата-аналарға «кибербуллингтің» алдын алу және ақпараттандыру мақсатында: Балалардың әлеуметтік желідегі қауіпсіздігін қалай қамтамасыз етеміз? тақырыбында психологиялық қолдау жұмысы ұйымдастырылды;

19.02.2021ж. күні «Бала өмірі бәрінен қымбат» тақырыбында сынып жетекшілер және ата-аналармен онлайн тренинг өткізілді;

12.03.2021ж. күні «Алтын белгіге» үміткер оқушылардың ата-аналарын психологиялық қолдау мақсатында профилактикалық жұмыс;

02.04.2021ж. күні Бітіруші сынып оқушыларының ата-аналарына психологиялық қолдау көрсету, ұсыныстар жасау, алдын алу жұмыстарын жүргізу мақсатында «ҰБТ-ға баратын оқушыларға психологиялық көмек» тақырыбында жұмыс жүргізілді;

16.04.2021ж. күні «Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу» тақырыбында және балалардың психикалық денсаулығын қамтамасыз ету мақсатында ата-аналармен психологиялық қолдау, түсіндірме жұмысы ұйымдастырылды;

28.04.2021ж. күні сынып жетекшілер және ата-аналарға «Кибербуллингтің алдын-алу әдісі: 7 тиімді кеңес» тақырыбында онлайн, WhatsApp режимде чаттарға жадынама мен психологиялық қолдау ұсынылды;

14.05.2021ж. күні «Желідегі қауіпсіздік» тақырыбында жалпы ата-аналарға информатика пән мұғаліммен бірлесе отырып ата-аналарды қолдау мақсатында ақпараттандыру жұмысы жүргізілді;

21.05.2021ж. күні бітіруші сынып оқушыларының ата-аналарына ҰБТ-ға дайындық бойынша тиімді кеңестер ұсынылды.

3.2. Оқушылармен жүргізілген жұмыстар

14.09.2020ж. күні 5-7 сынып оқушыларына «Менің берік отбасым» тақырыбында онлайн тренинг іс-шарасы ұйымдастырылды;

21.09.2020ж күні онлайн платформасында «Жанұясыз адам-бұл тамырсыз, сабақсыз, жапырақсыз және жеміссіз ағаш» тақырыбында 9-11 сынып оқушыларына онлайн тренинг сабағы ұйымдастырылды;

22.09.2020ж. күні 11 сыныптармен «Қорытынды аттестаттау және ҰБТ-ға психологиялық дайындық бойынша кіріспе жасау» тақырыбында тренинг сабағы жүргізілді (лекция, түсіндірме жұмысы, ақпараттандыру);

09.10.2020ж. күні 8-11 сынып қыздарымен «Білгеніңнен білмегенім көп әлі..Ерте жастағы жүктілік ИЯ мен ЖОҚ.» тақырыбында онлайн платформасы арқылы психологиялық сабақ;

9-11 қараша күндері онлайн платформасында өткізілген профилактикалық іс-шаралар: тақырыптары мен және интернет, психикалық-денсаулық туралы сөйлесейік, стресс және дағдарыс тақырыптарында өтті;

14.10.2020ж. күні «Жасөспірім-Заң-Қауіпсіздік» тақырыбында ұлдар жиналысында «Кибербуллингтің алдын алу және психикалық денсаулық» тақырыбында слайд арқылы профилактикалық жұмыс жүргізілді;

11.11.2020ж. күні 7 сыныптармен «Кітап оқуға өзімді қалай қызықтырамын» тақырыбында психологиялық тренинг сабағын өтті;

Қашықтықтан оқу кезінде қиындыққа тап болсаң кімге және қайда хабарласу керек тақырыбында түсіндірме жұмысы жүргізілді; («Сенім телефондары» арнайы мамандардың көмегі туралы)

20.11.2020ж. күні «Бүгінгі қыз бала ертеңгі-ана» тақырыбында онлайн тренинг сабағы өткізілді; Желтоқсан айында 11 сынып оқушыларымен жоспарға сәйкес:

1-сабақ «Психикалық денсаулық туралы мәлімет»; Өзіне-өзі көмек беру бойынша кеңестер. 2-сабақ «Стреспен дағдарыс»; 3-сабақ «Өз көңіл күйіңе әсер ет, оны жақсарт» тақырыптарында психологиялық және профилактикалық сабақтар ұйымдастырылды; медиациясы» тақырыбында баяндама жасалды;

18.01.2021ж. күні 9-11 сынып қыздарымен офлайн түрінде «Қыз намысы-ұлт намысы» тақырыбында тәрбие бөлімімен бірлескен конференция ұйымдастырылып, «қыздар мен ер баллар арасындағы мінез-құлық ерекшеліктері тақырыбында баяндау жұмысы мен «ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыбында жастар ресурстық орталығының дайындаған бейнеролигі көрсетілді;

20.01.2021ж. күні 9-11 сыныптың ұл балаларымен «Тәртіпке бағынған құл болмас» тақырыбында офлайн түрінде тәрбие бөлімімен, мектеп инспекторы бірлескен конференция ұйымдастырылып, «мектептегі зорлық-зомбылықтың себептері, алдын алу» тақырыбында профилактикалық баяндау жұмысы; 28.01.2021ж. күні 8-10 сынып оқушыларымен осы аталған тақырыптарды онлайн режимінде өткізілді;

20-27.01. 2021ж. күндері аралығында 7 сынып оқушыларымен «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында онлайн слайд ролигі арқылы тренинг ұйымдастырылды;

26.01.2021ж. күні 7 сыныптың ұл балаларымен «Интернетке тәуелділік» тақырыбында психологиялық түсіндірме жұмысы баяндалды;

5-10.02.2021ж. күндері аралығында 5-10 сынып оқушыларымен кибербуллингтің алдын алу мақсатында «Қауіпсіз интернет» тақырыбында онлайн профилактикалық жұмыстар ұйымдастырылды;

Әскерге шақыру учаскісіне тіркеуге тиісті 2004 жылы туылған 96 оқушыға ақпан айында жүргізілген психодиагностика жұмысы бойынша хаттамасы толтырылып, тиісті орынға жіберілді;

11 сынып оқушыларымен мектептің әдістемелік орталығымен бірлесе отырып, «Мамандықты дұрыс таңдау қажетпе?» «Студентті өмірге бір қадам» тақырыбында өткізілген іс-шараларда психологиялық тренинг жаттығулары жүргізілді;

11-16.02. 2021ж. күндері аралығында үйде оқытылатын оқушылардың ата-аналарымен онлайн және офлайн режимінде сұхбат жүргізіліп, психологиялық қолдау көрсетілді;

15-19.02.2021ж. күндері аралығында 9-11 сынып оқушыларына (462 оқушыға) Э.Бек депрессия шкаласын анықтау тесті жүргізіліп мәліметтер алынды; (анықталған нәтиже қорытындылары бойынша түзету жұмыстары жүргізілді)

16-17.02.2021ж. күні 5-сынып оқушыларымен офлайн түрінде «Қарым-қатынас шеберханасына саяхат»; «Қарым-қатынас мәдениеті» тақырыбында тренинг өткізілді;

7-10 наурыз аралығында 7-10 сынып оқушыларына құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында «Мен құқықбұзушылыққа қарсымын» тақырыбында слайд арқылы тренинг, ұсыныстар жіберілді,

12-17.03.2021ж. күні аралығында бітіруші сынып «Алтын белгі» үміткер оқушыларды психологиялық қолдау мақсатында психологиялық тренинг, сұхбат, тиімді жаттығулар ұйымдастырылды;

07-10.04.2021ж. күндері аралығында 7-10 сыныптармен онлайн, офлайн режимінде «Анашым саған рахмет, Әке менің асқар тауымсың» тақырыбында ӨӨТ пән мұғалімдерімен бірлесе отырып, психологиялық тренинг сабақтары ұйымдастырылды; (әр тоқсанда сұхбат, ұсыныстар)

09.04.2021ж. күні 11 сынып оқушыларына «Сенімділік күш береді» тақырыбында тренинг жүргізілді;

15.04.2021ж. күні «Бақытың өз қолыңда» тақырыбында 7-9 сыныптармен тренинг сабағы ұйымдастырылды;

26-27.04. 2021ж күндері аралығында 8-9-10 сынып оқушы қыздарымен «Бәрі де, Ана, бір өзіңнен басталады» тақырыбында сұхбат жүргізілді;

26-27.04. 2021ж. күндері аралығында 7-8-9-10-11 сынып оқушылары арасында отбасы құндылықтарын насихаттау мақсатында тәрбие бөлімімен бірлескен «Әке-шаңырақтың негізгі тегі» тақырыбында жиналыс өткізілді;

Мамыр айында: Оқушылардың психологиялық дайындығының көрінісін, өзіндік презентация, әрбір оқушы өзінің қаншалықты дайын екендігімен бөлісу жұмыстары, психологиялық қолдау көрсету, тренинг арқылы ҰБТ-і жақсы тапсыруға сенімділіктерін арттыру мақсатындағы жұмыстар атқарылды.

06-09 қыркүйек 2021ж. күндері аралығында 11-10-9-8-7-6-сынып ұлдарымен «Құқықбұзушылықтың алдын алу» мақсатында іс-шараларлар ұйымдастырылды.

09-10 қыркүйек 2021ж. күндері аралығында 8-9-10-11-сынып қыздарымен «Құқықбұзушылықтың және ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыбында өткізілетін профилактикалық жұмыстың іс-шаралар ұйымдастырылды.

3.3.Мектеп мұғалімдерімен жүргізілген жұмыстар:

28.08.2020ж. күні педагогикалық кеңесте онлайн платформасында «Қашықтықтан оқыту бойынша пән мұғалімдеріне психологиялық ұсыныстар және қолдау көрсету» тақырыбында баяндама жасалды;

28.09.2020ж. күні онлайн платформасымен мектепшілік білім алушылардың медиация жұмысын қалыптастыру және ұйымдастыру мақсатында өткізілген жиналыста «Мектеп

08.10.2020ж күні жас мамандармен онлайн платформасымен «Оқушылармен қарым-қатынас жасауға бейімдеу» тақырыбында жиналыс жасалып,сұхбат жүргізілді;

13.11.2020ж. күні жас мамандармен «Тәрбиесі қиын және қиынға бейім оқушылармен жұмыс жүргізуді үйрету» тақырыбында онлайн тренинг сабағы ұйымдастырылды;

24.11.2020ж. күні онлайн платформасында «Инклюзивті білім беру жағдайында оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың ролі» тақырыбында жиналыс өткізілді;

30.11.2020ж күні директор жанындағы кеңесте «Жасөспірімдер арасында келеңсіз жағдайдың алдын алу» тақырыбында баяндама мен профилактикалық жұмыс жүргізілді;

Желтоқсан айында «Психологиялық қызметтің педагогтармен кәсіби шаршау синдромының алдын алу» тақырыбында психологиялық тренинг сабақ ұйымдастырылды.

Ай сайын: Келеңсіз жағдайлардың алдын алу мақсатында сынып жетекшілерімен бай-ланыста болып, уақытында оқушылар туралы мәліметтер алынды;

15.01.2021ж.19.02.2021ж. күндерінде «Педагогтар психикалық денсаулығын нығайту» тақырыптарында слайд арқылы онлайн вебинар сабақтар ұйымдастырылды;

19.02.2021ж. күні «Геперактивті оқушылармен қарым-қатынас ерекшеліктері» тақырыбында бастауыш мұғалімдеріне вебинар сабақ;


26.02.2021ж. күні. «Инклюзивті білім алатын оқушыларды тәрбиелеу және дамыту мәселелері» тақырыбында вебинар сабақ;

17.03.2021ж. күні Кибербуллингтің алдын алу, мақсатында сынып жетекшілеріне офлайн психологиялық қолдау, ақпарттандыру жиналысы ұйымдастырылды; (жадынама, бейнеролик, ұсыныстар берілді)

22.05.2021ж. күні тәрбие бөлімімен бірлескен «кибербуллингтің» және жазғы демалыста келеңсіз жағдайлардың алдын алу, психологиялық қолдау мақсатында: «Балалардың әлеуметтік желідегі қауіпсіздігін қалай қамтамасыз етеміз?» тақырыбында жұмысы ұйымдастырылды;

26.08.2021ж. күні «Кәмелетке толмағандар арасында буллингтің алдын алу және буллингтің құрбаны болғандардың белгілерін танып білу, қолдау көрсету» тақырыбында вебинар сабақ өткізілді.

2020-2021 оқу жылында ағарту профилактикалық бағыт бойынша жүргізілген жұмыстың мониторинг көрсеткіші:



Қосымша атқарылған жұмыстар: Жылдың соңына дейін: «Тұл жетім» ата-ананың қамқорлығынсыз қалған, өмірде қиын жағдайға тап болған «Өгей әке және Өгей анасымен» тұратын, жеке тәртібі бойынша есепке алынған оқушы, мінез-құлқы көріністері бойынша, сұраныстар мен ұсыныстар бойынша, үйде оқытылатын және инклюзивті білім алатын оқушылардың ата-аналары, сонымен қатар түрлі туындаған мәселелер бойынша ата-аналарымен үнемі байланыста болып, уақытында қолдау көрсетілді. Бітіруші сынып оқушыларға және ата-аналарына мұғалімдерге жоспарға сәйкес жұмыс жасалынды.

2021-2022 оқу жылының жұмыс жүйелі ұйымдастыра отырып, орын алған кемшіліктерді реттеп алдағы уақытта мектепшілік үштік одақпен бірлесе жұмыс жасауды жоспарлаймыз.

С. Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесінің педагог-психолог қызметінің түзету-дамытушылық бағыты бойынша есебі

4.1.Түзету-дамытушылық жұмыс. Зерделеу жұмысының нәтижесінде анықталған қауіпті топ оқушылармен топтық және жеке жұмыстар. (зерделеу жұмысынан кейін жеке сұхбатқа шақырылады).

2019-2020 оқу жылындағы коррекциялық жұмыстар					
сыныбы	оқушы саны	сұхбат нәтижесінде анықталған баланың жай-күйінің себебі	топтық	жеке	мамандарға бағыттау
1 сынып	27	Таным процестері мен танымдық әрекет көріністері, қарым-қатынас деңгейі	15	12	7
2 сынып	18	Таным процестері мен танымдық әрекет көріністері, қарым-қатынас деңгейі	10	8	5
3 сынып	11	Таным процестері мен танымдық әрекет көріністері	8	3	2
4 сынып	9	Таным процестері мен танымдық әрекет көріністері, өзін-өзі ұстауы	7	2	0
5 сынып	21	Құрдастарымен қ/қ деңгейі және мінез-құлық ерекшеліктері	19	2	2
6 сынып	17	Құрдастарымен қ/қ деңгейі және мінез-құлық ерекшеліктері	10	7	0
7 сынып	31	Құрдастарымен қ/қ деңгейі және мінез-құлық ерекшеліктері	23	8	2
8 сынып	27	Отбасы жағдайы, құрдастарымен қ/қ, мінез-құлық көріністері	22	5	
9 сынып	19	Мінез-құлық көріністері	11	8	1
10 сынып	9	Мінез-құлық көріністері	2	7	2
11 сынып	12	ҰБТ, эмоциялық мінез-құлық көріністерін тұрақтандыру	12	4	7
Бар/ғы	201	Аптасына 1 рет	139	66	28


Оқушылармен жұмыс жасау кестесі			
Дүйсенбі	I топ 13.20-13.50 №234 кабинет К.Д.Бекбосынова	Бейсенбі	III топ 11.30-12.00 №309 кабинет К.Д.Бекбосынова
Сейсенбі	II топ 13.20-13.50 №234 кабинет К.Д.Бекбосынова	Жұма	I топ 11.30-12.00 №309 кабинет К.Д.Бекбосынова
Сәрсенбі	IV топ 13.20-13.50 №234 кабинет К.Д.Бекбосынова	Сенбі	II топ 12.20-13.00 №309 кабинет К.Д.Бекбосынова

Ескерту: жеке және топтық түзету сабақтарына және тренинг сұхбаттарға қатысатын оқушылардың ата-аналарынан рұқсат алып, арнайы жеке және топтық жоспарға сәйкес жұмыстар сынып жетекшілерінің және ата-аналардың қолдауымен жүргізілді. Сонымен қатар туындаған мәселеге байланысты ата-аналарға қосымша мамандарға (ПМПК, невропотолог, психиатор, воп дәрігерлер) баруға ұсыныстар берілді.

2020-2021 оқу жылындағы коррекциялық жұмыстар				
сыныбы	оқушы саны	сұхбат нәтижесінде анықталған баланың жай-күйінің себебі	Жұмыс түрі	мамандарға бағыттау
1 сынып	5	Жоғары ашушаңдық, мінез-құлық өзгерістер, отбасы жағдайы	Онлайн, офлайн WhatsApp режимде Сұхбат	1
2 сынып	2	Жоғары ашушаңдық, мінез-құлық өзгерістер, отбасы жағдайы		1
3 сынып	2	Жоғары ашушаңдық, мінез-құлық өзгерістер, отбасы жағдайы		0
4 сынып	3	Жоғары ашушаңдық, мінез-құлық өзгерістер, отбасы жағдайы		0
5 сынып	2	Жоғары ашушаңдық, мінез-құлық өзгерістер, отбасы жағдайы		0
6 сынып	13	Кибербуллинг, отбасы жағдайы, аутодеструктивті мінез-құлық., қолын кесу		4
7 сынып	16	Құрдастарымен қ/қ деңгейі және мінез-құлық ерекшеліктері, аутодеструктивті мінез-құлық.		3
8 сынып	17	Аутодеструктивті мінез-құлық, отбасы жағдайы, депрессия, махабат мәселесі		2
9 сынып	4	Отбасы жағдайы, депрессия, мінез-құлық өзгерістер		1
10 сынып	2	Отбасы жағдайы, депрессия, мінез-құлық өзгерістер		0
11 сынып	5	Отбасы жағдайы, депрессия, мінез-құлық өзгерістер		2
Бар/ғы	68	Аптасына 1 рет (ата-ананың сұранысы бойынша аутодеструктивті мінез-құлықты 3 оқушының үйінде жұмыс жүргізілді)	12	

4.2.2020-2021 оқу жылындағы түзету жұмысының нәтижесі:

оқушы саны	Эмоционалдық мінез-құлқының тұрақтылық көрсеткіші				
	қалыпты деңгей	орташа деңгей	төмен деңгей	жұмыс жалғасады	мамандармен жұмыс
	43	17	5	5	3



4.3.2019-2020 оқу жылындағы оқушыларымен жүргізілетін психологиялық түзету-дамыту жұмысы бойынша I-жартыжылдықта жүргізілетін іс-шаралар жоспары

№	Атқарылатын іс-шаралар жоспары	Мазмұны	Топ/сынып	Мерзімі/уақыты
1	Жеке әңгіме, кеңесу	Оқушылармен жеке әңгімелесу, ұсыныстар, себептерді анықтау	Қамтылған оқушылар	Уақытында
2	Эмоция мен сезімдер тренинг жаттығуы	Эмоция мен сезімдерін қалай басқаруға болады кедергілерден арылу	I-II топтар	Қазан
3	«Сілкіп таста ойыны» психологиялық жаттығулар	Жағымсыз, қажет емес кедергі жасайтынынан құтылу.	I-II топтар III-IV топтар	Қазан
4	«Әрқашан күн сөнбесін» психологиялық тренинг	Өзін-өзі ұстай білуге, кез келген кедергілерден шыға білуге үйрету	I-II топтар	Қазан
5	«Өмірде кездесетін қиындықтарды қалай жеңуге болады?»	Әңгіме, кеңес	Қамтылған оқушылар	Айына 1 рет
6	«Реніш сезімінен арылуды үйреніміз»	Жағымсыз әсерлерден арылу	I-II топтар	Қазан
7	«Тұлғаның өзін сенімділігін психологиялық дайындау»	Өзі туралы ойын дамыту, сенімді сезіну үшін психологиялық күйге келу	III-IV топтар	Қараша желтоқсан
8	Психологиялық түзету сабағы 1-2 жаттығулар «аялдама»; «Ақ лента»	Агрессияны болдырмау, қақтығыссыз қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру	I-II топтар	Қараша Желтоқсан
9	Психологиялық түзету сабағы 3-4 жаттығулар «құшақтау»; «ашулы шарлар»		I-II топтар	Қараша Желтоқсан
10	Бойдағы қорқынышты төмендету психологиялық тренинг	Жағымсыз уайымды жеңу, бойдағы қорқынышты төмендету	III-IV топтар	Қазан Қараша
11	«Сенімділік кілті» психологиялық тренинг	Сенімділікті қалыптастыру батылдықты дамыту	III-IV топтар	Қазан Қараша
12	«Жүйке жүйесіне түсетін күштен арылу әдісі» психологиялық тренинг	Жағымсыз күштен арылу	III-IV топтар	Қазан Қараша
13	«Жақсы мінез-жақсы» психологиялық тренинг	Жеке тұлғаның жағымсыз мінезі туралы ой қозғап, оны болдырмау жолдарын түсіндіру.	III-IV топтар I-II топтар	Қараша Желтоқсан
14	«Мен жеке тұлғамын» психологиялық тренинг	Оқушының өзін-өзі сезнуіне және басқаны түсінуіне жағдай жасау	III-IV топтар	Қараша Желтоқсан
15	Қорытынды	Жүргізілген жұмыстар бойынша сараптама жасау	психологтың жұмысы	Желтоқсан

4.5.2020-2021 оқу жылындағы «Инклюзивті білім» беруге ұсынылған оқушылар тізімі. (оқушылардың аты-жөні жазылған жоқ)

№	сыныбы	Диагнозы	ПМПК кеңесінің мерзімі
1	9 «F»	Смецифические расстройства развития нескольких навыков. Дислалия СОМ.РОП.ЦМС	10.09.2019ж №169\59 2 жылға
2	9 «З»	Нарушение психологического развития с	04.03.2020ж №43/5

		ростройством развития речи.Заклучения средный степени тонической форме дисграфия,дислексия,дислалия.	2 жылға
3	8 «Б»	Дисграфия,дислалия.Ринол. Зак	17.11.2020ж. №222\132 жылға
4	8 «К»	Смешанное специфическое расстройство учебный назыков.Дислалия Последствие УМТ Посттравматическое энцефалопатия.Астено- невротически синдром	14.12.2020ж №332\11 2 жылға
5	6 «Ә»	G-40 F-06.6	24.09.2020ж. 2 жылға
6	4 «Ә»	G-40 F-06.6 ФФНР	08.02.2020ж №21/7
7	4 «З»	F-80 РОП ч/м Дисграфия,дислалия	28.09.2020ж №178\19
8	3 «В»	F-83 резедуальная энцефалопатия ФФНР	20.01.2021ж №16\6

4.4.Инклюзивті білім алатын оқушыларға арналған 2020-2021 оқушыларға арналған күнтізбелік жоспар


№	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Өткізілетін мерзімі	Пайдаланатын әдістемелер, материалдар, нұсқаулықтар
1	Кіріспе сабақ «Кел танысайық».	1	2-3.02. 2021ж.	Әлеуметтік психологиялық тренингтер әдістемелер мен жаттығулар. М.М.Байырбекова, П.М.Ибраева. Шымкент 2009ж Әлеуметтік желілер Arhar.r/Bilim-al.kz
2	Ойлау процесін дамытуға арналған жаттығулар.	1	09-10.02. 2021ж.	Әлеуметтік психологиялық тренингтер әдістемелер мен жаттығулар. М.М.Байырбекова, П.М.Ибраева. Шымкент 2009ж
3	Зейіннің бөлінуімен зейін байқағыштығын дамытуға арналған ойындар.	1	16-17.02. 2021ж.	Арт терапия 1-бөлім Ф.Бизақова Тараз 2008ж.
4	Есті зерттеуге арналған әдістемелер	1	23-24.02. 2021ж.	Мүмкіндігі шектеулі балаларды түзету дамыту бағдарламасы. Әдістемелік құрал. Шымкент 2019ж. С:П.Қалиев О.Шарапова
5	Иновациялық технологиялар қолдану арқылы сурет салу	1	02-03.03. 2021ж.	Әлеуметтік желілер Arhar.r/Bilim-al.kz
6	Ертегі тераапиялық түзету ойындары: «Телефонмен әңгімелесу», «Сиқырлы айналар туралы ертегі»	1	16-17.03. 2021ж	Тәжірбиелік психология I-бөлімі. Т.Р.Нұрмахамбетова Шымкент 2008ж. Ustaz tilegi-Республикалық ғылыми-әдістемелік орталық.
7	Дьенеш блоктарды қолдану арқылы логикалық ойлау қабілетін дамыту	1	30-31.03. 2021ж.	Оқытудың интерактивті әдістері Шымкент 2009ж З.Б.Қабылбекова Ustaz tilegi-Республикалық ғылыми-әдістемелік орталық.
8	Симметрия әдісі бойынша шығармашылықты дамыту	1	06-07.04. 2021ж.	Т/п. II-бөлімі. Т.Р.Нұрмахамбетова Шымкент 2008ж
9	Түйсікті қимылдық қабылдауды дамыту	1	13-14.04. 2021ж	Мүмкіндігі шектеулі балаларды жеке түзету дамыту бағдарламасы П.С.Калиев, Л.О.Шарипова
10	Көлемін танып білуді	1	20-21.04.	Әлеуметтік психологиялық тренингтер

	дамыту		2021ж.	әдістемелер мен жаттығулар. М.М.Байырбекова П.М.Ибраева. Шымкент 2009ж.
11	Суретке бойынша әңгіме құрастыру	1	27-28.04. 2021ж.	Т/п. І-бөлімі. Т.Р.Нұрмахамбетова Шымкент 2008ж.
12	Сенсомоторикалық ойындардың көмегімен оқушының таным процестерін дамыту	1	04-05.05. 2021ж.	Психологиялық дамыту сабағы Қожахметова.А. Ахметов А.П. Алматы. 2006ж
13	Қарым қатынас дағдыларын дамыту	1	11-12.05. 2021ж.	Әлеуметтік психологиялық тренингтер әдістемелер мен жаттығулар. М.М.Байырбекова П.М.Ибраева. Шымкент 2009ж
14	Логикалық ойлауды дамыту	1	18-19.05. 2021ж	Arhar.r/Bilim-al.kz Қызықты психология журналы 11-12.2020ж
15	Коррекциялық жаттығулар, ойындар		25.05.2021ж	Инклюзивті білім беру жағдайында 8 санат бойынша ерекше білім беруде қажеттіліктері бар балалардың оқытуын ұйымдастыру. Ы.Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы. Астана 2016ж Arhar.r/Bilim-al.kz

4.6. 2020-2021 оқу жылындағы сұраныс бойынша жүргізілген жұмыстар:

Сұраныс көзі: ата-ана, мұғалім, мектеп әкімшілігі.

Жалпы сұраныс бойынша 78 оқушымен жұмыс жүргізілді.



**С. Нұрмағамбетов атындағы №72 жалпы орта білім беретін мектеп
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің педагог-психолог қызметінің
әлеуметтік-диспетчерлік бағыты бойынша есебі**

5. Әлеуметтік-диспетчерлік бағыты бойынша атқарылған жұмыстар:

Жылдар	Аралас мамандармен жұмыс (логопед, дефектолог, воп дәрігерлер)	Мамандарға бағыттау- (логопед, дефектолог, воп дәрігерлер)	Сенім телефоны	Сенім жәшігіне түскен шағым бойынша	Шұғыл жағдайда көмек көрсету (аралас мамандар, инспектор)
2019-2020	17 оқушы	28 оқушы	8	41	23
2020-2021	8 оқушы	12 оқушы	10	19	12

